Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының
докторанты Кумисбекова Жазира Науатбековнаның
«Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық
оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына шетелдік жетекшінің

П І К І Р І

Жазира Кумисбекованың қорғауға ұсынып отырған «Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында зерттеуі заманауи лингводидактиканың ең өзекті мәселелерінің бірі — 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың кешенді әдістемелік жүйесін қалыптастыруға арналған. Жаһандану және көптілділік жағдайында тілді оқытудың дәстүрлі әдістері мен заманауи инновациялық, технологиялық амалдарды тоғыстыру — білім беру жүйесі үшін өте маңызды қадам. Сонымен қатар, белгілі ғалым, профессор Алма Қыраубаеваның ұлттық педагогикалық мұрасын қазіргі заманғы білім беру үдерісімен сабақтастықта қарастыру зерттеудің теориялық құндылығын арттырып, ұлттық код пен халықаралық білім беру трендтері арасындағы берік алтын көпірді қалыптастырады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазақ тілін оқыту мазмұнын ұлттық-рухани құндылықтармен сабақтастыру, оқушының тілдік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық педагогикалық мұраны қазіргі инновациялық білім беру технологияларымен үйлестіру қажеттілігімен айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұрасын қазіргі білім беру талаптары негізінде зерделеу және оны қазақ тілі сабақтарында әдістемелік тұрғыдан жаңғырту маңызды ғылыми-практикалық мәнге ие.

Зерттеудің ерекшелігі – Алма Қыраубаеваның ұлттық-рухани және интеграциялық педагогикалық идеяларын қазіргі оқыту технологияларымен сабақтастыра қарастыруында. ерттеу жұмысының әдістемелік жүйесінде скаффолдинг (тірек карталары), контент-талдау, WordCloud технологиясы, проблемалық және зерттеушілік тапсырмалар, жобалық оқыту және нарративтік рефлексия сияқты қазіргі әдістердің қолданылуы зерттеудің практикалық құндылығын арттырады. Аталған әдістер оқушылардың мәтіндегі ұлттық құндылықтарды анықтауына, олардың мағынасын түсіндіруіне, тарихи-мәдени контекспен байланыстыруына және жеке тәжірибесі негізінде қорытынды жасауына мүмкіндік береді.

Зерттеудің эксперименттік бөлімі 10–11-сынып оқушыларының қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды меңгеру деңгейін анықтауға және оны дамытуға бағытталған. Эксперименттік сабақтарда дәстүрлі оқыту үлгісі мен инновациялық әдістермен толықтырылған интеграциялық оқыту үлгісінің

ерекшеліктері салыстырылып, оқушылардың нәтижелері диагностикалық көрсеткіштер арқылы талданады.

Жалпы алғанда, ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми ізденістің жүйелілігімен, тақырыптың өзектілігімен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ тілін оқытудағы ұлттық құндылықтарды жаңғырту және инновациялық әдістерді тиімді пайдалану мәселелеріне өзіндік үлес қосуға бағытталған.

Ұсынылған диссертациялық жұмыс — өзіндік қолтаңбасы бар, логикалық тұрғыдан аяқталған және терең жүргізілген дербес ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу деңгейі мен алынған нәтижелер философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық жауап береді. Жұмыс авторы Кумисбекова Жазира Науатбековна дербес ғылыми ізденістер жүргізуге қабілетті, жоғары білікті маман ретінде таныла отырып, «Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысын шетелдік ғылыми жетекші ретінде аяқталған жұмыс деп бағалаймын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Хаджеттепе университеті
Әдебиет факультеті
Түрік халық әдебиеті кафедрасының
профессоры Өзкул Чобаноғлы

Қолы: _____

ABAY KAZAK MİLLÎ PEDAGOJİ ÜNİVERSİTESİ
«8D01701 – Kazak Dili ve Edebiyatı» eğitim programı doktora öğrencisi
Kumisbekova Jazira Nauatbekovna'nın
«Profesör Alma Kıraubayeva'nın Çalışmalarındaki Bütünleştirici Öğretimin Metodolojik Yenilikleri» konulu doktora tez çalışmasına ilişkin

YABANCI DANIŞMANIN GÖRÜŞÜ

Jazira Kumisbekova'nın savunmaya sunduğu "Profesör Alma Kıraubayeva'nın Çalışmalarındaki Bütünleştirici Öğretimin Metodolojik Yenilikleri" başlıklı doktora tez çalışması, çağdaş dil öğretimi biliminin en güncel meselelerinden biri olan, 10-11. sınıf öğrencilerinin yaratıcı düşünmeleri aracılığıyla dilsel iletişimlerini geliştirmeye yönelik kapsamlı bir metodolojik sistemin oluşturulmasını amaçlamaktadır. Küreselleşme ve çok dillilik koşullarında dil öğretiminin geleneksel yöntemleri ile çağdaş yenilikçi ve teknolojik yaklaşımların bir araya getirilmesi, eğitim sistemi açısından son derece önemli bir adımdır. Bunun yanı sıra, tanınmış bilim insanı Prof. A. Kıraubayeva'nın millî pedagojik mirasının çağdaş eğitim süreciyle süreklilik içerisinde ele alınması, araştırmanın teorik değerini artırmakta ve millî kod ile uluslararası eğitim eğilimleri arasında sağlam bir köprü kurmaktadır.

Araştırmanın güncelliği, Kazakçanın öğretim içeriğinin millî ve manevi değerlerle ilişkilendirilmesi, öğrencilerin dilsel ve kişisel gelişimlerinin desteklenmesi ve aynı zamanda millî pedagojik mirasın günümüz yenilikçi eğitim teknolojileriyle bütünleştirilmesi gerekliliğiyle ortaya çıkmaktadır. Bu açıdan, Prof. Alma Kıraubayeva'nın pedagojik mirasının günümüz eğitim gereksinimleri doğrultusunda incelenmesi ve Kazakça öğretiminde metodolojik açıdan yeniden yapılandırılarak uygulanması, araştırma açısından önemli kuramsal ve uygulamalı değer taşımaktadır.

Araştırmanın özgün yönü, Alma Kıraubayeva'nın millî-manevi ve bütünleştirici pedagojik fikirlerinin günümüz öğretim teknolojileriyle ilişkilendirilerek ele alınmasında görülmektedir. Araştırmanın metodolojik sisteminde iskeleleme (scaffolding) ve destek kartları, içerik analizi, WordCloud teknolojisi, problem ve araştırma temelli görevler, proje tabanlı öğrenme ve anlatısal (narratif) yansıtma gibi çağdaş yöntemlerin kullanılması, çalışmanın uygulamalı değerini artırmaktadır. Söz konusu yöntemler, öğrencilerin metinlerde yer alan millî değerleri belirlemelerine, bu değerlerin anlamını açıklamalarına, tarihî ve kültürel bağlamla ilişkilendirmelerine ve kendi kişisel deneyimleri temelinde sonuç çıkarmalarına olanak sağlamaktadır.

Araştırmanın deneysel bölümü, 10. ve 11. sınıf öğrencilerinin Kazakça derslerinde millî değerleri edinme düzeylerinin belirlenmesine ve bu değerlerin geliştirilmesine yöneliktir. Deneysel derslerde geleneksel öğretim modeli ile yenilikçi yöntemlerle desteklenen bütünleştirici öğretim modelinin özellikleri karşılaştırılmakta ve öğrencilerin gelişimleri belirlenen tanısal göstergeler aracılığıyla değerlendirilmektedir.

Genel olarak, araştırmacının doktora çalışması bilimsel araştırma sürecinin sistematikliği, konunun güncelliği ve uygulamaya yönelik niteliği ile dikkat çekmektedir. Araştırma, günümüz Kazakça öğretiminde millî değerlerin yeniden canlandırılması ve yenilikçi öğretim yöntemlerinin etkili bir biçimde kullanılması konularına özgün bir katkı sunmayı amaçlamaktadır.

Sunulan doktora tezi, özgün bir niteliğe sahip, mantıksal açıdan tamamlanmış ve derinlemesine yürütülmüş bağımsız bir bilimsel araştırmadır. Araştırmanın düzeyi ve elde edilen sonuçlar, Felsefe Doktoru (PhD) derecesinin verilmesi için öngörülen uluslararası şartları bütünüyle karşılamaktadır. Çalışmanın yazarı Kumisbekova Jazira Nauatbekovna, bağımsız bilimsel araştırmalar yürütme yeterliliğine sahip, yüksek nitelikli bir uzman olduğunu ortaya koymuş olup, "Profesör Alma Kıraubayeva'nın Çalışmalarındaki Bütünleştirici Öğretimin Metodolojik Yenilikleri" başlıklı ve "8D01701 – Kazak Dili ve Edebiyatı" eğitim programı kapsamında Felsefe Doktoru (PhD) derecesinin alınması amacıyla sunulan doktora tezini yabancı bilimsel danışman olarak tamamlanmış bir çalışma olarak değerlendirmekteyim.

Yabancı bilimsel danışman:
Hacettepe Üniversitesi
Edebiyat Fakültesi
Türk Halk Edebiyatı Anabilim Dalı
Profesörü Özkul Çobanoğlu

Tarih: 20.11.2026

HACETTEPE UNIVERSITY • FACULTY OF LITERATURE • PROF. DR. ÖZKUL ÇOBANOĞLU